




	«Тіс тазалау» Күлеміз, аузымызды сәл ашып, тілдің ұшымен оңға-солға қозғалтып, тістердің ішкі жағынан үстіңгі тістерді тазалаймыз.	
	«Тәтті тосап» Күлеміз, аузымызды ашамыз. Жалпақ тілмен жоғары және астыңғы ерінді жалаймыз.	
	«Кесе» Ауыз кең ашық. Жалпақ тілді жоғары тіске қарай көтеріп, 10-15 секунд ұстап тұру. Бірақ тіл тіске тимеуі керек.	
	«Сылақшы» Күлеміз. Аузымызды кең ашып, жалпақ тілдің ұшымен тістен тамаққа қарай бағытын өзгерте отырып, жұмсақ таңдайды сипаймыз.	
	«Ашуланған мысық» Аузымыз ашық, тілдің ұшы алдыңғы, төменгі тістерге тірелген.	




«Саңырауқұлақ»
Күлеміз, аузымызды кең ашып, жалпақ тілді таңдайға жапсырып ұстап тұру.



«Сағат»
Ауыз ашық, тіліміздің ұшын ерніміздің екі жағына кезек-кезек апарамыз.



«Тарақ»
Күлеміз, тілімізді шығарып, тісімізбен тілімізді басып, тілімізді алға-артқа тараймыз.



«Піл»
Ернімізді жауып тұрып, алға қарай созамыз, піл тұмсығын көрсетеміз.




«Бақа»
Күлеміз, тістерімізді көрсетіп, ернімізді екі жаққа керіп, күлеміз.






«Футбол»

Ауыз жабық.
Тілімізді ұртымызға батыра
тигіземіз .





«Әткеншек»

Ауыз ашық. Тілді қатайтып
ұстау арқылы мұрын және иек
немесе үстінгі -астынғы
тістерге кезек-кезек созу.





«Маса» Күлеміз, аузымызды
ашамыз, тілімізді жоғары
көтеріп, «дзззз» дыбысын ұзақ
созып айтамыз.



«Күркетауық»

Күлеміз, ауызды сәл ашып,
жалпақ тілді үстінгі ерінге
қойып, еріннен тілді айырмай
,тілдің ұшымен алға және
артқа қозғалтып, үстінгі ерінді
сипаймыз.



«Ат шауып келеді»

Күлеміз,
аузымызды ашамыз, тілдің
ұшын таңдайға
апарып, тақылдатамыз.

